

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 28 маусымдағы 23-V Конституциялық заңы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.**

**1-бап.** «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 11, 72-құжат; 2008 ж., № 13-14, 53-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) бүкіл мәтін бойынша «мемлекеттік стандартқа», «мемлекеттік стандарттарға», «мемлекеттік стандарттарын» деген сөздер тиісінше «ұлттық стандартқа», «ұлттық стандарттарға», «ұлттық стандарттарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 2 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындауды және пайдалануды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы»;

мәтіндегі «орналастыру» деген сөз «дайындау» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 4-баптың 1-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы басқа да ғимараттарда ( үй-жайларда) олардың иелерінің еркі бойынша тігілуі мүмкін.»;

4) 6-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) нотариустардың мөрлерінде;»;

5) 8-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) теле-, радиоарналар эфирге шыққан кезде тәулік сайын, олардың хабар таратуы басталғанда және аяқталғанда;»;

6) 10-баптың 4) тармақшасындағы «айқындау жатады.» деген сөздер «айқындау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

7 ) 1 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы

